

Туберкулез бактериялары, әсіресе ем үзілген жағдайда туберкулезге қарсы негізгі дәрі-дәрмектерге бейімделіп алады да дерттің дәріге төзімді түрі дамиды.

Дәріге төзімді туберкулездің түрлері:

Бастапқы төзімділік туберкулезбен алғаш рет ауырған және бұрын ешқашан туберкулезге қарсы дәрі қабылдамаған науқастарда анықталады.

Бұл дәріге төзімді құрт ауруымен ауыратын науқастан жұққан қоздырғыштарда болады.

Бастапқы төзімділік бақылаусыз емдеу нәтижесінде пайда болады:

- ✓ **емдеудегі үзілістер,**
- ✓ **жартылай емделу (дәрі-дәрмектердің толық болмауы)**




Жаһандық қордың Қазақстан Республикасының Ұлттық фтизиопульмонология ғылыми орталығы жанындағы «Туберкулез» компоненті бойынша 2020-2022 жылдарға арналған «Қазақстандағы дәріге төзімді туберкулезге қарсы тиімді әрекет ету» грант жобасын іске асыру аясында



Глобальный фонд



Глобальный фонд



ДӘРІГЕ ТӨЗІМДІ ТУБЕРКУЛЕЗ ТУРАЛЫ

Дәріге төзімді туберкулез – бұл туберкулезге қарсы рифампицин мен изониазид сынды негізгі препараттардың әсері болмайтын, фторхинолондар (левофлоксацин және моксифлоксацин) да әсер етпейтін туберкулез.


Кең дәріге төзімді туберкулез – мұнда тек рифампицин мен изониазид емес, сонымен қатар фторхинолондар (левофлоксацин және моксифлоксацин) және бедаквилин және/немесе линезолид сияқты жаңа препараттар да әсер етпей қалады.

Изониазид туберкулез – изониазидке төзімділік дамиды, бірақ рифампицинге сезімталдық сақталатын туберкулез.



Дәріге төзімді туберкулездің дамуының негізгі себептері:

туберкулезге қарсы дәрілерді дұрыс қабылдамау; *дәрі-дәрмектерді тоқтату;*



емдеу курсының аяқталмауы туберкулезге қарсы дәрілердің төмен дозасын қолдану.

Емдеу басталғаннан кейін 2-3 аптадан кейін аурудың барлық белгісі жоғалады, пациент мұны жазылдым деп ойлап, ем-домды тоқтатуы мүмкін.

Дәрі-дәрмектер белсенді түрде көбейетін туберкулездің қоздырғышын жойып, жазылған сияқты алдамшы сезім тудырады. Бірақ қандағы дәрілердің концентрациясы азайса, қоздырғыш өршиді.

Сол себепті өзіңізді алдамшы және емді өз бетіңізше тоқтатпаңыз.

Туберкулездің әдеттегі түрін емдеуде туберкулезге қарсы препараттар (ТҚП) қолданылады, оларды қабылдау кезінде жақсы нәтижеге жету үшін 3 міндетті ережені сақтау қажет:



- ✓ **дәрінің белгіленген мөлшерін сақтау;**
- ✓ **дәрілерді өткізіп алмау, емді үзбеу;**
- ✓ **емдеудің толық курсынан өту.**

Бұл ережелер сақталмаса, туберкулез қоздырғыштары тез (2-3 апта ішінде) тағайындалған дәріге төзімді болып кетеді, ал ауру асқынып, емделу қиыңа соғады.

Науқастың сауығып кетуі үшін науқастың шымдамдылығы мен ерік-жігері, жазылуға деген талпынысы мен тағайындалған емді қатаң сақтауы қажет.